



ТІЛ – ИНСТИНКТ

Сөз – күрделі ұғым





Жоспар:

- Күрделі сөздердің грамматикалық мәні.
- Лексикон туралы түсінік.
- Сөздерді есте сақтаудың ерекшеліктері.
- Белгі мен символ арасындағы байланыс.
- Сөздерді ұғымдармен байланыстыру.

Күрделі сөздердің грамматикалық мәні

Сөз – күрделі ұғым. Онда оларды синтаксистік топ немесе сөйлемдерден ерекшеленді-ретін не? Мүмкін, автоматты түрде есте сақтайтын; тіл қызметінің екі қағидатының (екінші қағидат – дискретті комбинаторлық жүйе) бірін көрсететін Соссюрдің туынды белгісі үшін «сөз» сөзін резервке қоюымыз керек шығар? «Сөз» деген сөзі күнделікті қолданыста ғылыми нақты болмағандықтан, біз ойланып қалдық. Ол екі нәрсеге қатысты болуы мүмкін.

«Toothbrush», «mice-infested» сияқты күрделі сөздер грамматикалық тұрғыдан мүмкін болғанымен сирек қолданылады. Бұл оны ұғынбайтын бала санасында да, оны ұғынбайтын ересектер санасында да ереже тура сондай формада болатыны туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Синтаксистік ережелер синтаксистік топ пен сөз арасындағы шепте тоқтайды: сөз екі бөлшектен тұрса да, сөз «ішіне» ереже үңіле де, бұл бөлшектерді ойната да алмайды. Мысалы, сұрақ құрастыру ережесі This monster is a mice-eater – «Бұл құбыжық – тышқан-жегіш?» сөйлеміндегі mice-eater сөзінің ішіне үңіле алмайды және де mice сәйкес морфеманы сөйлем басына ауыстыра алмайды: нәтижесінде – What is this monster an – eater? Сөзбе-сөз «Бұл не құбыжық-жегіш?» дегендегі – mice «тышқандарды» – жауабын түсіну мүлде мүмкін емес. Сол сияқты синтаксистік ереже сөйлем немесе синтаксистік топ ішіне үстеуді енгізе алады. Мысалы: This monster eats mice quickly – «Бұл құбыжық тышқандарды тез жейді». Алайда олар үстеуді сөз ішіне енгізе алмайды, мысалы: This monster is a mice-quickly-eater – «Бұл құбыжық тышқан-тез-жегіш». Осыдан біз қандай да бір ережелерге сәйкес бөлшектерден тұрса да, сөздер басқа ережелерге сәйкес бөлшектерден жасалған синтаксистік топпен бірдей емес дейміз. Сонымен, біздің күнделікті «сөз» терминінің нақты мағынасы морфологиялық ережелер әрекетінің өнімі болып табылатын және синтаксистік ережелерге сүйеніп, бөлшектеуге келмейтін тілдік бірліктерге жатады.

«Сөздің» бұдан мүлде өзгеше екінші мағынасы автоматты түрде есте сақтауға жатады: бұл нақты мағынаға сәйкес келетін тілдік заттың кесіндісі, біз менталды сөздік деп атайтын ұзын тізімнің бір элементі. Анна Мария Ди Сциулло мен Эдвин Уильяме сынды ғалым-грамматистер есте сақталатын тізімнің бірлігін білдіретін және «сөз» сөзінің екінші мағынасына қатысты listeme – «листема» терминін ойлап тапты. Бұл термин «морфема» – «морфология бірлігі» және «фонема» – «фонология бірлігі» сөзін ұтады.

Листема мағынасы «сөз» сөзінің – «синтаксистік атом» нақты бірінші мағынасына сәйкес келуі қажет емес екендігіне көңіл бөліңіздер. Листема ағаштың қажетінше үлкен бұтағы болуы мүмкін. Себебі оны ереже бойынша механикалық түрде өндіру мүмкін емес, соған сәйкес оны есте сақтау керек. Енді, лексикон туралы түсінікке тоқталайық.

Грамматикалық шовинизм тұрғысынан Анна Мария Ди Сциулло мен Уильяме менталды сөздікті (лексикон) былай сипаттайды: «Егер лексикон тек листемалар жиынтығынан тұрады деп есептесек, ол өз табиғаты бойынша тіптен іш пыстырарлық болар еді... Лексикон – түрме іспеттес: заңға бағынбайтындардан ғана тұрады және оны мекендеушілерді біріктіретін жалғыз нәрсе – олардың әрекетінің заңсыздығы».

Лексиконның әйгілі қырының бірі – оны ұлғайтуға жұмыс жасайтын сөздің есте жеңіл сақталуында. Қалай ойлайсыз, қарапайым адам неше сөз біледі? Егер сіз осы тұрғыда естіген немесе оқыған сөздер санына қарап қорытынды жасайтын басқаларға ұқсаған болсаңыз, сіз білімі жоқ адам үшін бірнеше жүз, білімі бар адамға бірнеше мың және Шекспир сынды дарынды сөз шебері үшін 15 000-ға дейін (оның пьесасы мен сонетінің толық жинағында осыншама әртүрлі сөзді санап шықты) сөзді болжайсыз.



Нағыз жауап мүлде басқаша болады. Адамдар уақыт пен кеңістікте белгілі бір шектеулі мезгілде қолдануға болатын сөздерден көбірек сөзді ажырата алады. Жеке адамның сөздік қор көлемін анықтау үшін (әрине, егер морфология әрекеті өнімін емес, есте сақталған листемаларды есептесек, себебі, алдыңғысының саны шексіз) психологтар келесі әдісті қолданады. Қолданыста бар сөздіктердің ең үлкені әрі толығынан бастайық; сөздік кішкене болған сайын адам одан соншалықты көбірек сөз білуі мүмкін, бірақ бұл оған плюс дегенді білдірмейді. Мысалы, Фанк пен Вагналлдың «Жаңа Стандартты Толық Сөздігі» (Funk & Wagnall. New Standard Unabridged Dictionary) 450 000 сөздік мақаладан тұрады, саны жаман емес, бірақ толыққанды тест жүргізу үшін тіптен үлкен.

60 000 сөз: бұл аз ба, әлде көп пе? Бұл сұраққа жауап беру үшін бұл сөздер қаншалықты тез игерілетінін ойлану керек. Сөздерді игеру он екі айлық жас шамасында басталады. Бұдан шамамен он жеті жастағы мектеп түлектері туған күнінен бастап, әркез орта есеппен он сөздей немесе сергек кездегі әр тоқсан минут сайын бір сөзден игеруі керек болатыны шығады. Сол әдісті қолдана отырып, біз орташа есеппен алты жасар бала 13 000 қолданатынын есептеуімізге болады.

Сөздерді есте сақтаудың ерекшеліктері

Кішкене арифметика – оқи алмайтын және тек айналасынан естігенін айтатын балалар күннен күнге сергек кезінің әр екі сағаты сайын жаңа сөздерді жинайтын сөздік шаңсорғыш екені анықталады. Біз әрқайсысы мағынамен өз бетінше байланысқан жүйелер туралы айтып жатқанымызды еске түсірейік. Сіз алғашқы қадам жасағаннан бері сергек кезіңіздің әр тоқсан минут сайын ортастатистикалық мәлімет немесе есте қаларлық күнді, немесе телефон нөмірін есте сақтауыңызға тура келетінін елестетіп көріңізші. Ми менталды сөздікке ерекше кең қойма және ерекше жылдам мағынасын ашу тетігін берген сияқты әсер қалыптасады. Шын мәнінде де, психолог Сьюзен Кэридің тарихи зерттеуі, егер үш жасар баламен сөйлесіп отырып, түсті белгілеу үшін кездейсоқ жаңа сөз айтылса, мәселен, қою жасыл, бала бес аптадан кейін бұл туралы бір нәрсе есте сақтауы мүмкін екенін көрсетті.

Енді сөзді есте сақтау процесі әркез немен байланысты екенін ойлаңыз. Сөз – бәрін қамтитын белгі. Сөйлеген кезде және айтылғанды қабылдау барысында сөздерді тіл қату үшін әр тілдік қауымдастық мүшесі пайдаланатын ол өзінің қуатына міндетті. Егер сіз қандай да бір сөзді қолдансаңыз, оның мағынасы онша түсініксіз болмаса, бұл сөзді үшінші адамға айтқанда, мен сіздің айтқаныңызды қалай түсінсем, ол да менің сөз қолданысымды тура солай түсінетінін мен білетін болармын. Маған сіздің реакцияңызды байқау үшін бұл сөзді сізге қайта айтуымның немесе оны әр жаңа үшінші адамның реакциясын байқау үшін, немесе үшінші жақпен әңгімелескенде қолданатыныңызды күтудің қажеті болмас. Бұл тұжырым шын мәнісіндегісіден де қарапайым. Егер мен аю тап бермес бұрын ақырғанын көрсем, маса оған ақырса, қорқып кетеді деп; егер мен қаңылтырды соқсам, аю қашып кетеді дегенді күте алмаймын; аю қаңылтырды соқса, аңшылар қашып кетеді дегенді күте алмаймын. Тіптен өзіміздің биологиялық түрдің жеке тұлғалар арасында екінші адам айтқан сөзді игерсе, бұл екінші адам мінезін жай қайталау дегенді білдірмейді. Сөздер сияқты емес, әрекет нақты факторлар және мақсаттармен байланысты. Егер қыз үлкен әпкесіне қарап қылымсуды үйренсе, оның өзі әпкесіне не ата-анасына қылымсымайды. Ол тек көріп тұрғандай әпкесінің әрекеті бағытталған адам түрлеріне ғана қылымсиды. Керісінше, сөздер – бұл қоғам ішінде әмбебап қатынас құралы. Басқа адамдардың қалай айтқанын тек тыңдай отырып, сөзді қолдануды үйрену үшін балалар сөз – басқа адам әрекетіне жауап ретіндегі адамның жай ғана әрекеті емес, екі бағытта да әрекет ететін, мағынаны дыбыстау арқылы жеткізетін әр сөйлеуші үшін және дыбысталғанды қабылдау әрі сол код шеңберінде мағынаны ұғыну үшін әр тыңдаушыға қолжетімді, адамдар үшін ортақ белгі екенін сөзсіз түсінуі керек.

Атауда не бар? Раушан гүл деп оны атаса да, атамаса да, Раушан гүлден раушан гүлдің иісі шығады. Осы еркін әрекет жадыда сақтау қулықтары ең болмағанда басқа сөздерден қалыптаспаған сөздер үшін мүмкін болатын есте сақтау ауыртпалығын жеңілдетеді дегенге еш үміт жоқ. Балалар cattle «мал» сөзі battle «шайқас» дегенге ұқсас бір нәрсені білдіреді немесе



singing «ән салу» –stinging «әлсіз тұсы», немесе coats «пальто» – goats «ешкілер» дегенге ұқсас бір нәрсе дегенді күтпеуі керек, мүмкін күтпейтін де шығар. Кездесетін дыбыс бейнелеуіштік мұнда көмектесе алмайды. Себебі ол қандай да бір сөздің дыбысталуы сияқты шартты. Ағылшын тілінде шошқалар «оинк», ал жапон тілінде «бу-бу» деген дыбыс шығарады. Тіптен ым-ишарат тілінде қол қимылдарын қайталау мүмкіндіктері ескерілмейді және олардың қозғалысы еркін белгі ретінде қабылданады. Ишарат пен ол неге қатысты арасындағы ұқсастық қалдығын кезеңмен бөліп шығаруға болады, дыбысбейнелеуіштегідей әрқайсысының бұл ұқсастық туралы өз көзқарасы бар, ол оқытуда көмектесе қоймас. Америка ым-ишарат тілінде «ағаш» дегенді білдіретін ишарат – бұл ағаш шыбықтарының шайқалуын қайталайтын қол қозғалысы, қытай ым-ишарат тілінде «ағаш» ишараты ағаш бұтағын салатын қозғалысты білдіреді.

Белгі мен символ арасындағы байланыс

Психолог Лора-Энн Петитто белгі мен символ арасындағы байланыс еркіндігі тереңде бала кездегі санада жатқанын білдіретін дәлелді көрсетті. Ағылшын тілінде сөйлейтін бала екі жасқа толғанға дейін мен және сен есімдіктерін игереді. Олар көбіне сен сөзін өзіне қатысты қолданып, оларды шатастырады. Бұл қатені кешіруге болады. Сен және мен «деиктикалық» есімдіктер: олардың референті айтушыға байланысты өзгереді: мен оны қолданғанда, сен ол саған қатысты, бірақ сен қолданғанда, ол маған қатысты болады. Сондықтан бұл олардың санасында қалыптасу үшін біраз уақыт керек. Джессика мамасы сен сөзін қолданып, Джессикаға айтып жатқанын естиді; әйтеуір бір соңында, сен «Джессика» дегенді білдіреді деп неге ойланбасқа? Енді мына мысалға тоқталайық. Онда «мен» дегенді білдіретін ишарат – бұл айтып жатқанның өзінің көкірегіне нұсқауы, «сен» дегенді білдіретін ишарат – бұл серіктеске нұсқау. Бұдан артық қандай айқындық болуы мүмкін?

Балалар өз серіктесіне сілтеу ишаратын «мен» дегенді білдіру үшін сөйлесу барысында қолданған және де оны тура еститін балалар сен дыбысталатын сөзін «мен» дегенді білдіру үшін қолданатын жасында жасаған.

Балалар үшін ишарат таза күйінде лингвистикалық символ: ол бір нәрсеге сілтеген факт іске қатысы бар деп қарастырылмаған. Бұл тәсіл ым-ишарат тілін үйренгенде дұрыс қабылданады.

Жаңа сөздерді игеру қарапайым актісіне біз таңғалғалуымыздың тағы бір себебі бар. Ғалым-логик У.В.О. Квин жақында табылған тайпаны зерттеп жүрген лингвистті елестетуімізді сұрайды. Жанымыздан қоян жүгіріп барады, жергілікті тұрғын: «Gavagai» (Гавагай!) деп айқайлайды. «Гавагай» деген нені білдіреді? Логикалық түрде бұл «қоян» дегені шығар деп пайымдайсыз. Бұл нақты қоянға қатысты болуы мүмкін (мысалы, Флопси атты). Бұл кез келген тері қапталған жәндікті білдіруі мүмкін, кез келген сүтқоректі немесе қоянның биологиялық түрі болуы мүмкін немесе аталған түрдің кез келген өкілі болуы мүмкін.

Лингвист рөлінде бала, ал жергілікті тұрғын рөлінде ата-ана болған кезде тура осындай мәселе туындайды. Қалай болғанда да бала ішкі түйсігімен сөздің дұрыс мағынасын сезіну керек және есті кетіретін логикалық мінсіз нұсқалар санын айналып өту керек. Бұл Квин «индукцияны балағаттау» деп атайтын және ғалымдар мен оларға ұқсас балалар үшін өзекті болатын аса жалпы мәселенің жеке жағдайы: соңғы жағдайлар жиынтығын қалай соншалықты табысты бақылайды және бастапқы бақылаумен келісетін жалған жалпылаудың шексіз санынан бас тартып, осы тектес болашақта болатын барлық жағдайларды дұрыс жалпылау қолдарынан келеді.

Сөздерді ұғымдармен байланыстыру

Бір категорияға қарағанда екіншісін таңдағанда, онда тепе-теңдікті сақтаған дұрыс. Peter Cottontail Америка қояны деп анықтағаннан гөрі, аң десек, азырақ күш кетеді. Алайда Питер – бұл Америка қояны екенін біле отырып, біз оны тек аң ретінде танығанға қарағанда, ол туралы көптеген жаңа нәрсе айта алар едік. Егер ол Америка қояны болса, ол сәбізді жақсы көреді және



алаңқайда немесе орман кесінділерінде өмір сүреді, егер ол жануар аң ғана болса, біздің ол туралы білімізге қарай ол не болса, соны жер еді және қайда болса, сонда өмір сүрер еді. Орта көлемді немесе «базалық деңгейлік» «қоян» категориясы – бұл бір нәрсеге айдар тағудың тым оңай екендігі және сол айдардың қаншалықты көп пайда әкелетіндігі арасындағы ымыраға келу дегенді білдіреді.

Сонымен біз неліктен қоянды жерде секіруден бөліп қараймыз? Ең алдымен, оның секіру, жеу немесе ұйықтау сияқты қояндық болмысының болжалды салдары бар: шу ести салысымен ол бірден ініне кіріп кетеді. Арыстандық болмысы бардың алдында, ол тамақтанып жатыр ма немесе ұйықтап жатыр ма, шу көтеру салдарын басқалар болжайды және де айырмашылық едәуір болады. Тура сол сияқты қоян ба әлде арыстан ба, кім секіргеніне қарамастан жерде секіру нақты салдарға ие, секіруші ұзақ уақытқа бір орында тұрмайды. Ал ұйқыға келер болсақ, шусыз тәсіл, негізінен іске асады, қоян ба әлде арыстан ба бәрібір, ұйықтап жатқан қозғалыссыз қалады, яғни нақты болжал жасау үшін нысан түрлері мен әрекет түрлері үшін менталды айдардың жеке жиынтығы болу керек.

Сондықтан ойын сөз арқылы жеткізбегеннің өзі қозғалыстағы ақиқатты зат, зат түрлері және әрекеттерге (орын, жол, оқиға, қалып, материя түрлері, қасиеттері т.б. сияқты ұғымдарды айтпағанның өзінде) жақсы бөле алады. Шын мәнінде, біз болжағанымыздай, сәбилердің танымдық мүмкіндіктерін тәжірибелік зерттеу олардың заттарды білдіретін сөздерді игергенге дейін зат туралы түсінігі болатынын көрсетті. Алғашқы туған күндеріне дейін, сөйленістерінде бірінші сөздер пайда болғанда, сәбилер, анықтағанымыздай, біз нысан деп атайтын материалды нысандарда не болып жатқанын бақылап отырады екен. Егер нысан бөліктері өздігінен қозғала бастаса немесе ғажайып түрде нысандар пайда болып немесе жоғалып кетсе, басқа қалың зат арқылы өтсе немесе қандай да бір тірексіз ауада қозғалса, олар таңданыс білдіреді.

Сөздерді ұғымдармен байланыстыру, әрине, адамдарға қиындықпен жинаған тәжірибесімен және әлемді терең түсінуді тәжірибесі аз немесе соншалықты байқағыш еместермен бөлісуге мүмкіндік береді. Қай сөз қай ұғымға сәйкес келуін ажырату – бұл «гавагай» мәселесі, егер балалар тілде бар мағына түрлеріне сәйкес келетін ұғымнан бастаса, бұл мәселе ішінара шешілген. Кішкентай балалар ұғымның нақты түрлеріне сөздің нақты түрлері сәйкес келетінін, ал ұғымның басқа түрлері сөздің мүлде мағынасы болмау мүмкіндігін болжайтынын зертханалық зерттеулер растады. Жаспен байланысты психология мамандары Эллен Маркмэн және Джин Хатчинсон екі-үш жасар балаларға суреттер жиынтығын ұсынып, әр суретке «осыған ұқсас басқасын табуды» сұрады. Балаларды өзара әрекеттесетін заттар қызықтырады. Мұндай нұсқаулық алып, олар әдетте жорғаторғай және ұя немесе ит және сүйек сияқты рөлдік орындаушылар тобын құрайтын суреттерді таңдайды. Алайда Маркмэн мен Хатчинсон «осы дәкс тектес басқа дәкс» табуды ұсынғанда, балалардың таңдау қағидасы өзгерді. Мүмкін, олар Сөз-тип-заттар дегенді білдіруі керек деп ойлаған болар, сөйтіп құсты басқа құс түрінің жанына, ал итті басқа ит түрінің жанына жайғастырды. Бала үшін дәкс сөзі «ит немесе оның сүйегі» жай ғана білдірмейтін болар, алайда мұндай тіркесім қызығырақ болар еді.